

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 35-1 "2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 37-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 наурызда № 6138 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 104-бабының 5-тармағына, 106-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының "2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының бюджетін бекіту туралы" 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 35-1 шешіміне (2020 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5770 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 6362341,3 мың теңге:

салықтық түсімдер – 594294 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 11143 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 11500 мың теңге;

трансферттер түсімі – 5745404,3 мың теңге;

2) шығындар – 6400583,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 48118 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 63624 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 15506 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 86360,1 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 86360,1 мың теңге:

қарыздар түсімі - 63624 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 15506 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 38242,1 мың теңге.";

келесі мазмұндағы 11-1 тармақпен толықтырылсын:

"11-1. 6-қосымшаға сәйкес аудан бюджетінде қаржылық жылдың басында қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2019 жылы пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) облыстық және республикалық бюджеттен, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілген нысаналы трансферттер есебінен шығыстары көзделсін.";

14-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"14. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер көзделсін.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының

XXXVII сессиясының төрағасы

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының хатшысы

Ж.Ахметова

С.Муканов

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы
мәслихатының 2020 жылғы 31 наурызы № 37-1
шешіміне 1- қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы
мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №
35-1 шешіміне 1- қосымша

2020 жылға арналған Аққайың ауданының бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1) Кірістер	6362341,3
1			Салықтық түсімдер	594294

	03		Әлеуметтік салық	221450
		1	Әлеуметтік салық	221450
	04		Меншікке салынатын салықтар	293340
		1	Мүлікке салынатын салықтар	286901
		5	Бірыңғай жер салығы	6439
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	74297
		2	Акциздер	2347
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	65954
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5996
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5207
		1	Мемлекеттік баж	5207
2			Салықтық емес түсімдер	11143
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	7077
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	7059
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	18
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	4066
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4066
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	11500
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	11500
		1	Жерді сату	11500
4			Трансферттердің түсімдері	5745404,3
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5745404,3
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5745404,3

Кестенің жалғасы

Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			2) Шығындар	6400583,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	233563,6
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	30377
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	30377
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	106052
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	106052

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2196
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1162
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1034
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	34132
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34132
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	60806,6
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27579
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	33227,6
02			Қорғаныс	8251
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8251
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6251
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1000
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1000
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	240
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	240
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	240
04			Білім беру	3409805

	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	175696
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	118868
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	56828
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2903810
		003	Жалпы білім беру	2783308
		006	Балаларға қосымша білім беру	120502
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	25792
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	25792
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	295507
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25164
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	48860
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	7007
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	406
		023	Әдістемелік жұмыс	20041
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	31201
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	162828
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9000
		059	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	9000

06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	555645,8
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	102757
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	102757
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5968
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	5968
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	446920,8
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	180397,8
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	5594
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	29234
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	859
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	136195
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	46145
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24578
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	3306
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	20612
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1121580,9
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	20898,8
		026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	20898,8

	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1100682,1
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	490
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	6810
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	27407
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	698940,1
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	367035
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	291708
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	46836
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	46836
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	40731
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11532
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1000
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	28199
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	66990
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	66050
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	940
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	11550
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	11550
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	98888
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11710
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	87178

	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	26713
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20187
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	6526
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1500
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1500
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	1500
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	96075
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	32913
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29613
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3300
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	37424
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10406
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1632
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	315
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	3410
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2344
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	5654
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	13663
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14998

		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14277
		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	210
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	511
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	10740
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	10740
12			Көлік және коммуникация	218458
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	218458
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	15758
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданишілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	2700
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	200000
13			Басқалар	24169
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	10899
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10899
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13270
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	13270
14			Борышқа қызмет көрсету	55,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	55,1
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	55,1
15			Трансферттер	439532

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	439532
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	14048,5
		038	Субвенциялар	401327
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	24156,5
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	48118
			Бюджеттік кредиттер	63624
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	63624
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	63624
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	63624
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	15506
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	15506
		13	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	15506
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
13			Басқалар	0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	0
		065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-86360,1
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	86360,1
7			Қарыздар түсімдері	63624
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	63624

		2	Қарыз алу келісім-шарттары	63624
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы, мың теңге
16			Қарыздарды өтеу	15506
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15506
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	15506
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	38242,1
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	38242,1
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	38242,1

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 37-1 шешіміне 2- қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 35-1 шешіміне 6- қосымша

Аудан бюджетінде қаржылық жылдың басында қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2019 жылы пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) облыстық және республикалық бюджеттен, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілген нысаналы трансферттер есебінен шығыстары

Санаты	Ішкі сыныбы	Ерекшелігі	Атауы	Сомасы, мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	38242,1
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	38242,1
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	38242,1
			Барлығы	38242,1
			Шығындар	
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			Шығындар	38242,1
14			Борышқа қызмет көрсету	37,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	37,1

		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	37,1
15			Трансферттер	38 205
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38 205
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	1 4 048,5
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	2 4 156,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК